

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Ә.Б. Тлесова, А.Е. Қанаш

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Қазіргі кезеңде қоғамның әлеуметтік-психологиялық жағдайын көрсететін ең маңызды факторлардың бірі тұрғын үй мәселесі болып табылады. Сонымен қоса, мемлекеттің тиімді тұрғын үй саясаты - бұл адам капиталының дамуы мен қалыптастыруындағы негізгі элемент. Сондықтан да тұрғын үй саласының мемлекеттік реттеп отырылуы қажет деп санаймыз.

Тұрғын үй саясаты – мемлекеттік үкімет пен жергілікті басқару органдарының халықтың тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған саясаты.

Тұрғын үй саясаты 19 ғасырда өнеркәсіптік революциясына байланысты қалыптасқан болатын. Урбанизация қарқының жоғарлауы, ауыл тұрғындарының қалаға ағылып келуі салдарынан қалада тұрғын үйлерге деген сұраныс жоғары қарқынмен өсті. Сол себепті ірі қалаларда баспанаға деген қол жетпеушілік үлкен әлеуметтік мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезде Африка, Латын Америка, кейбір Азия елдерінде әрбір үшінші тұрғын сумен қамтамасыз етілмеген, су құбырлары өткізілмеген және электр қуаты жүргізілмеген жағдайы төмен үйлерде тұрады [1].

Соңғы отызжыл бойына шет елдердегі тұрғын үй саясатында екі өзара байланысқан тенденциялар байқалған болатын:

- Біріншіден, тұрғын үй саясатының бір элементі ретінде тұрғын үйге деген ұсынысты емес сұранысты ынталандыру мақсатында субсидияны пайдалануды кеңейту,

- Екіншіден, тұрғын үй нарығын дамытуды ынталандыру мен қолдау қызметтерін атқаратын мемлекет рөлін өзгерту.

Сол уақытта ұлттық тұрғын үй саясатындағы өзгерістер бірте-бірте жүзеге асады. Кейбір елдерде тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қаржыландыру мен табыстары жоғары емес отбасыларға баспанамен қамтамасыз етудегі мемлекеттің ролі әр түрлі жүзеге асады. Сонымен, мысалға Францияда мемлекет тарапынан болатын көмек 3/4 бөлігі халыққа тұрғын үй жәрдемақыға және 1/4 бөлігі құрылыс ұйымына көмек ретінде беріледі.

Тұрғын үй саясатының негізін тұрғын үйді қаржыландыру жүйесімен байланысты қаражаттандырудың бірнеше түрлерін қамтиды.

Аталған қаражаттандырудың бірнеше түрлеріне қысқаша шолып, олардың кемшіліктері мен артықшылықтарына талдау жасасaq:

1. Нарықтық жағдайға сәйкес ипотекалық тұрғын үй несиесі бойынша пайыздық мөлшерлемесін қаражаттандыру. Қарыз алушыға нарықтық және жеңілдікті пайыздық мөлшерлеме арасындағы айырмашылықты несие беруші ұйымға өтемақы салу жолымен мемлекет ипотекалық тұрғын үй несиесі

бойынша (жай нарықтық мөлшерлеменен салыстырғанда) пайыздық мөлшерлемесін төмендетуге көмек береді.

Бұндай мемлекеттің көмегі келесідей болуы мүмкін: пайыздың белгілі бір бөлігі бойынша несие берушіге төлем беру немесе белгілі бір деңгейге дейін пайыздық мөлшерлемені төмендету, яғни нарықтық пайыздық мөлшерлеменен несие алушыға бекітілген жеңілдікті пайыздық мөлшерлемесі арасындағы айырмашылығын банкке орнын толтырып қайтару.

Пайыздық мөлшерлемені төмендету кредиттің барлық мерзімінде немесе бастапқы мерзімдерде ғана жүзеге асырылып отырады не болмаса несие алушының табысының өсуіне байланысты немесе кредиттің өтіп кеткен мерзім ішінде азайып отырады. Белгілі бір жағдайларда субсидия қайтарылынады. Мысалы, АҚШта егер несие алушы бекітілген уақыт мерзімінде (5-6 жыл) жеңілдікті кредит көмегімен алынған пәтерде талапқа сәйкес тұрмаса онда пәтер иесі субсидияны қайтару қажет. Бұндай қаражаттандыру кейбір тұрғын үй түріне байланысты (құны бойынша шектеу қойылған жаңа үйлерде) қолдану мүмкін немесе тек ғана белгілі бір отбасы санаттарына (үйді алғаш сатып алып жатырған) қамтамасыз етіледі [2].

Бұл аталған субсидия түрінің қауіпті мәселесі инфляция деңгейінің өзгеруі, қаржы нарығындағы жағдайларды өзгеруіне байланысты туындайтын, болашақта бюджетте болатын шығынға бағалау жасау.

Ипотекалық тұрғын үй несиесі бойынша пайыздық мөлшерлемесін қаражаттандыруды қолданушы елдер ретінде Чехия мемлекетін алуға болады. Чехия мемлекетінде жаңа тұрғын үйді иелену мақсатында алынған несиенің пайыздық мөлшерлемесін тікелей төмендету көзделінген (2005 ж. басынан бастап пайыздық мөлшерлемесін қаражаттандыру тоқтатылған, өйткені несие бойынша нарықтық пайыз 3-4% дейін төмендеп қалды). Басқа мысал келтірсек, Венгрияда алғаш жаңа үйді иеленуші азаматтарға ипотекалық облигация бойынша мөлшерлемесін және ипотекалық несие бойынша пайыздық мөлшерлемесін тікелей төмендетуді қаражаттандыру қабылданған. Иорданияда жыл сайын шектелген субсидия мөлшерін пайыздық мөлшерлемені жабуға (несие бойынша белгіленген пайызбен) бөліп отырады және де болашақтағы шығындарды толығымен бюджеттен қарастырып қояды.

2. Арнайы қорлардың қаражаттары есебінен нарықтық мөлшерлеменен салыстырғанда аз мөлшерлеменен ипотекалық тұрғын үй несиесін беру. Мемлекет тұрғын үй саясаты аясында тұрғын үй салуға немесе иеленуге жеңілдікті несие беру нысанында арнайы қор құрады. Осылай, Бразилия елінде персоналды қамтамасыз ету Қоры сәтті жұмыс жасап отыр, ал Мексикада арнайы тұрғын үй қоры қызмет жасайды, Филиппинда нарықтық мөлшерлемеден төмен ипотекалық тұрғын үй несиесін беру жөнінде зейнетақы қоры айналысады. Арнайы қорлардың қаражаттары есебінде нарықтық мөлшерлемеден аз пайызбен ипотекалық тұрғын үй несиесін алуға мүмкіндік беретін бағдарламалар кей кездері нарық формасын өзгертеді (деформациялау), өйткені нарықтық қаржылық институттардың дамуына кедергі келтіреді яғни жеке несие беруші ұйымдарды ұтымсыз шарттар қойып, оларды табысы төмен отбасыларды қаржыландыратын тұрғын үй нарығымен ығыстырып жібереді.

Болашақта субсидияның құнын толығымен қайтару ешқандай да бюджетте қарастырылмаған, несие қайтарылмаған жағдайда мемлекет қолдайтын несие беруші ұйымдар мен қорлардың алдағы уақыттағы шығындары сырт қалады.

Бұл тұрғын үй саясаты бағдарламалардың кемшілігі - субсидияның ең көп мөлшерін табысы жоғары отбасыларға тиесілі болады, ал табысы төмен отбасылар жеңілдікті айтарлықтай төмен дәрежеде пайдаланады, өйткені олар табыс салығын төлеуден босағандар, не болмаса үйді иелену үшін табыстары жетіспейді.

3. Тұрғын үй жинақ бағдарламаларын мемлекеттік қолдау. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен іске асырылатын, тұрғын үй құрылыс жинақтау жүйесі немістік үлгіде жасалынып отыр. Бағдарламаға қатысушысы бір жыл ішінде жинақталған сомасына байланысты сыйлық ақы алып отырады, дегенменде егер де анықталып қойылған уақыттан аз жыл өтсе шоттан алынып банкке қайтарылуы мүмкін.

Арнайы құрылыс жинақ кассасы мекемелері азаматтармен қаражатты жинақтау шарттары мен кепілге жылжымайтын мүлікті қойып несие алу талаптарын келісіп жинақтаушы келісім шартқа отырады. Несиелер нарықтық мөлшерлеменен салыстырғанда төмен пайызбен беріледі және де жинақты да нарық мөлшерлемесімен салыстырсақ, әлде қайда аз мөлшерлеменен жүзеге асырылады.

Аталған бағдарламаның біршама өзгеше болуы Франциялық жүйеде байқалады, бұл жүйе бойынша азаматтың қаражаты қаржы компанияларында немесе коммерциялық банктерде жинақталады да көбінесе тұрғын үй несиелерін алуға пайдаланады. Субсидияның көп бөлігін құрылыс жинақтаушы бағдарламаларынсыз ипотекалық тұрғын үй несиесін және үйді сатып алуға мүмкіндігі бар табыстары орташа отбасыларға тиесілі. Ал Германияда субсидияның ең жоғары мөлшеріне шектеу бар және несие көбінесе дәстүрлі ипотекалық несиелендіруге қосымша ретінде пайдаланылады. Тұрғын үй жинақтау бағдарламалары іске асырылатын елдерге Германия, Франция, Чехия, Венгрия, Словакия, Чили, ОАР және т.б. жатады.

4. Ипотекалық несие арқылы тұрғын үйді алу кезіндегі несие тәуекелінен сақтандыру мақсатында мемлекеттік тарапынан қолдау (ипотекалық сақтандыру). Несие беруші ұйымнан берілген ипотекалық несие арқылы үй алу кезінде болатын несие тәуекелін мемлекет өз мойнына толығымен немесе жартылай (барлық несие бойынша немесе белгілі бір бөлігін ғана) алады. Бұл қарыз алушының жеке несие беруші ұйымның алдындағы міндеттемелері бойынша кепілдеме беру арқылы немесе мемлекеттік сақтандыру көмегімен жүзеге асырылады.

Ипотекалық сақтандыру жүйесі стандартты талаптарға жауап бере алатын, бірақ бірден бастапқы жарнаны енгізе алмайтын отбасыларға несие беру үшін жағдай жасайды, сонымен қоса ипотекалық тұрғын үй несие құралдарын пайдаланумен тұрғын үйді иеленуге деген қол жетімділіктің көтерілуіне мүмкіндік береді.


Тұрғын үй саясатының бір элементі ретінде несие тәуекелінен қорғану мақсатында мемлекеттік сақтандыруды қолданатын елдер қатарына жататын

елдер: АҚШ (ардагерлерге арналған бағдарлама аясында арзан тұрғын үй бойынша толығымен тәуекелді жабу), Канада, Филиппин, ОАР [3].

Ипотекалық сақтандыру жүйесі ежелгі Кеңестік үкімет кезінде де қалыптасқан болатын. Мысалға Қазақстан Республикасында несиелендірілген сақтандырудың мемлекеттік жүйесін жасауға бағытталған Ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры пайда болды. Жеке сақтандыру компаниялары 2002 жылдан бастап осы идеяны игеріп алуда. 2000 жылдан бастап ипотекалық тәуекелдерді сақтандырудың мемлекеттік жүйесі Литвада пайда болған еді.

5. Мемлекеттік тұрғын үй банкілері арқылы тұрғын үйлерді қаржыландыру. Тұрғын үй саясатының бұл бағдарламасы көп елдер де Африкада (қазір банктердің көп бөлігі қызмет атқармайды), Бразилия, Индонезия, Иордания (қазір банктер жекешелендірілген), Тайландта қолданыс тапты. Бұндағы мемлекеттік тұрғын үй банкілері тұрғын үйлерді несиелендіруді дамытудың негізіне айналды. Қазірде Тайландта тұрғын үй банкі жеке несиелендіруші ұйымдарды төмен немесе орташа табысы бар тұрғындармен қызмет жасасуға тарту жағдайларын жасап жатыр, Иорданияда мемлекеттік банк коммерциялық принциптер негізінде қызмет атқарады.

Шетел мемлекеттерінің тәжірибесін ескерсек, ең тиімді тұрғын үй нарығы үш бөліктен құралады: яғни жеке меншік тұрғын үйлер, арендалық тұрғын үйлер және мемлекеттік, муниципалдық тұрғын үйлер. Осы құрамға байланысты тұрғын үй нарығының тиімді құрылымы қалыптасады оны келесі суретте көруге болады.



Ескерту - [4] әдебиет негізінде құрыстырылған.

Сурет 1 - Тұрғын үй нарығының тиімді құрылымы

Осындай құрылым бойынша Қазақстанда да коммерциялық арендалық тұрғын үй құрылымы, әлеуметтік тұрғын үйлерді жалға беру жоспарлануда. Суретте тұрғын үй нарығының құрылымы тиімді болу үшін арендалық тұрғын үй үлесі жалпы республикадағы тұрғын үй жайларынан 30% кем болмау қажет, мемлекеттік және муниципалды үйлер үлесі 8-10% аспау қажет, ал қалған тұрғын үйлер жеке меншікте.

Атап кету қажет, шет елдерде жеке меншіктегі тұрғын үй табыстары тек орташа және жоғары азаматтарға ғана жетімді. Дамыған мемлекеттердің өзінде жеке меншіктегі тұрғын үйлер үлесі орташа 50% (Германияда - 40%, Швецияда - 43%, Голландияда - 45%), қалған 50% жалға берілетін үйлер құрайды.

Әлемдік тәжірибе, жылжымайтын мүлік нарығында әр түрлі кластағы тұрғын жайларды жалға беру, сату-сатып алулармен табысты бәсекелеседі және тұрғын үйге қажеттіліктердің 60% қанағаттандыратындығын көрсетіп отыр. Жалға берілетін тұрғын үйлер үлесі Германияда - 60%, Швецияда - 57%, Нидерландыда - 55%, Данияда - 44%, АҚШ - 34%. Тұрғын үй мәселесі толықтай шешілген Сингапурда жалға берілетін тұрғын үй 50%-ан асып тұр.

Батыс мамандарының ойынша, табысты үйлер икемді еңбек нарығының дамуына, сонымен қатар жалға берушіден өз мүлігін сақтау, оның құнын жоғарлату және күту міндеттерін алып тастауға септігін тигізе алады.

Шет елдерде жалға берілетін тұрғын үйлердің жоғары талап етуін, жалға беру жүйесінде бірнеше артықшылықтар барымен түсіндіріледі:

- қала билігі тұрғын үйді күту шығындарынан айырылған;
- қала бюджеті шығыстардың орнына салық түріндегі төлемдерді алып тұрады;
- азаматтар үшін миграцияны, еңбек ресурстарын жеңілдететін тұрғын үйді алу, көшу, тіркелу, айырбастау және т.б. процедуралары оңайлатылған;
- пәтерлер тұрғындар меншігінде болмағандықтан, тұрғын үй нарығында криминалдың болмауы;
- эксплуатация, қызмет көрсету және бақылау жүйесі тұрғын-коммуналдық жүйсендегі кемшіліктерді жоюға көмектеседі, себебі жалға берілетін үйдің иесі тиімді техникалық қызметті қамтамасыз етуде мүдделі.

Қазақстанда жалға берілетін тұрғын үй деп пәтер иесімен жалдауға берілетін тұрғын үй түсініледі. 1997 жылдың «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында «жалдауға берілетін үй» және «аренда» түсініктері бірдей болып беріледі. Осы саланы реттейтін баптарда тек «жалдау» және «жалдаушы» сөздері қолданылады. Сондықтан да жалға берілетін тұрғын үй нарығын қазіргі пәтерлерді жалдау жүйесі ретінде түсінеді. Бірақ, біздің пікірімізше, бұл түсініктерді ажырату қажет деп ойлаймыз.

2006 жылғы Қазақстан халқына жолдауында Ел басы Н.А. Назарбаев - «жалға берілетін тұрғын үй нарығын әлемдік стандарттарға сәйкес дамыту, және оны мемлекет үшін ашық, ал бизнес үшін тартымды жасау» - міндетін қойды. Осыған байланысты 2014 жылдың шілде айында 11 қарашадағы «Нұрлы Жол» Қазақстан халқына жолдауында Елбасы Н. Назарбаев - «Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз» - деген міндет қойған болатын. Бұл қазіргі уақытта «Өңірлерді дамыту – 2020» аясында атқарылып жатыр.

Аталған Бағдарлама мақсаты - жалақылары орташа халықтың қалың жігінің тұрғын үйге қолжетімділігін қамтамасыз ету және жылжымайтын мүлік нарығындағы қызуды басу. Заң құқықтық жағдайды және арендалық үйлерді

жалдау шарттарын анықтады. Ол, сонымен қоса, жергілікті билікпен тұрғын үйді жалға алу механизмін қарастырады және арендалық секторға бағытталған құрылысшылар үшін салықтық талаптарды төмендетеді. Осы заң жергілікті билік органдарына тұрғын жағдайларын қажет ететін азаматтар үшін пәтерлерді жалға алуға құқық береді. Олардың арасында бюджет саласындағы қызметкерлер, ҰОС қатысушылары мен мүгедектер, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, балалары мүгедек болып табылатын отбасылар, күрделі созылмалы ауруы бар адамдар, және зейнеткерлер.

Осылайша, Қазақстандағы жалға берілетін тұрғын үй нарығының дамуы мигранттар, жас отабыстар, келісім бойынша жұмыс істейтін кәсіби мамандар, мемлекеттік қызметкерлер үшін пәтер мәселесінің шешуіне айналар еді. Сондықтан да тұрғын үйдің жаңа секторын - жалға берілетін (арендалық) нарықты қалыптастыру өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Под общ.ред. Сафоновой Н.В., Фунтовой Л.Г. Местное самоуправление в Казахстане: состояние, проблемы, пути решения.- Усть-Каменогорск, 2012.
2. Риски ипотечного жилищного кредитования: методы//SMART GROUP - 2013
3. Гареев И.Ф. Вопросы развития наемного жилья в современных условиях // Экономика, предпринимательство и право. – 2011. – № 7. – С.37-44.
4. Орлов В.Я., Гареев И.Ф. Инвестиционная привлекательность наемного жилья в современных условиях// Российское предпринимательство. 2012. – №5 (203). – С.148-154.

УДК 334.021:35.68.75

ПЕРСПЕКТИВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В СЕВЕРНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ

Туралин А.З., Туралина Ж.А., Туралина А.А.

Академия «Кокше», г. Кокшетау

Агропромышленный комплекс является важнейшей частью всей национальной экономики Казахстана, его развитие в значительной мере определяет состояние всего хозяйственного потенциала страны, уровень продовольственной безопасности государства и социально-экономическую ситуацию в обществе. Однако значительная часть сельхозтоваропроизводителей находится в кризисном положении, связанном с неблагоприятными условиями внешней среды и недостаточным уровнем государственной поддержки.